

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-10.07-2026
		27.02.2026 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 1-13

ЕРЕЖЕ

**Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру
бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту, білім беру
бағдарламаларының тиімділігін мониторингтеу**

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-10.07-2026
		27.02.2026 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 2-13

АЛҒЫ СӨЗ

1. ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ

ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру бөлімі

2. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен «27» 02 2026 ж
№ 8 хаттама № 1 баспа

3. ӨЗГЕРТУЛЕР ЕНГІЗУ МЕН ҚОСЫМША ҚОСУ

4. МЕРЗІМДІ ТЕКСЕРУ 3 ЖЫЛ

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-10.07-2026
		27.02.2026 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 3-13

МАЗМҰНЫ

1	Қолдану саласы	4
2	Нормативтік сілтемелер.....	4
3	Терминдер мен анықтамалар	4-5
4	Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу тәртібі	5-7
5	Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын бекіту тәртібі	7-8
6	Білім беру бағдарламаларының тиімділігін мониторингтеу	8
7	Қорытынды	8
8	Қосымша	9-10
9	Келісу парағы	11
10	Танысу парағы.....	12
11	Өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағы	13

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-10.07-2026
		27.02.2026 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 4-13

БЕКІТІЛДІ

«Темірбек Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы»
РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен
«27» 02 2026 жыл № 2 хаттама
Ғылыми кеңес төрағасы
А. Жудебаев



1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1. Осы Біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту, білім беру бағдарламаларының тиімділігіне мониторинг жүргізу қағидалары (бұдан әрі – қағидалар) "Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы" РММ (бұдан әрі – Академия) педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеуді, келісуді, бекітуді және білім беру бағдарламаларының тиімділігіне мониторингті регламенттеу мақсатында әзірленді.

1.2. Ережелер Академияның нормативтік құжаттамасының құрамына кіреді және оның талаптары орындау үшін міндетті болып табылады.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1. Ереже Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығы Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы ережесіне сәйкес әзірленді.

2.2. Ережеде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №95 бұйрығы Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидаларын бекіту туралы ережесіне сілтемелер қолданылады.

3. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Ережеде келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

Сыртқы бағалау	қорытынды	-	ұзақ мерзімді біліктілікті арттыру курстары бағдарламасының талаптарына сәйкес педагогтің біліктілік деңгейі мен құзіреттілігін растау рәсімі;
----------------	-----------	---	--

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-10.07-2026
		27.02.2026 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 5-13

Біліктілік	-	тиісті кәсіби қызмет түрі шеңберінде жұмыстарды орындау үшін қажетті кәсіби білім, іскерлік, дағды және жұмыс тәжірибесінің жиынтығы;
Мониторинг	-	курс бағдарламасының тиімділігін анықтау мақсатында бақылау және бағалау жүйесі;
Педагогтердің біліктілігін арттыру	-	оқыту мен оқыту сапасын арттыру үшін жаңа білім алуға, сондай-ақ бұрын алған кәсіби білімдерін, біліктіліктерін, дағдылары мен құзыреттерін қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіптік оқыту нысаны;
Педагогтердің біліктілігін арттыруды ұйымдастыру	-	үздіксіз білім беру жүйесінде педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйым;
Педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу	-	педагогтің курстан кейінгі қызметін үздіксіз мониторингтеу және әдістемелік, консультациялық көмек көрсету арқылы оның кәсіби құзыреттілігін дамытуды қамтамасыз ететін іс-шаралар жүйесі;
Оқыту нәтижелерін бағалау	-	пән саласының ерекшеліктеріне сәйкес оқыту нәтижелерін бағалаудың тиімді әдістері;
Сертификат	-	біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасына сәйкес қорытынды
Тыңдаушы Глоссарий	-	бағалаудан табысты өткен
	-	тыңдаушыларға берілетін құжат. біліктілікті арттыру курсынан өтуші адам; бағдарламада қолданылатын терминдер, олардың өзектілігі мен бірегейлігі.

4. ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСТАРЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ ТӘРТІБІ

4.1 Бағдарламаны әзірлеу үшін педагогтердің біліктілігін арттыру ұйымы мыналарды жүргізеді:

Қазақстан Республикасының заңнамасын және нормативтік құқықтық актілерді талдау;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-10.07-2026
		27.02.2026 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 6-13

зерттеудің сапалық және/немесе сандық әдістер арқылы педагогтердің кәсіби дамуындағы қажеттіліктерін талдау.

4.2 Сапалы деректерді жинау педагогтермен және/немесе оқушылармен сұхбат және фокус-топтар арқылы педагогтердің қазіргі оқыту тәжірибелерін, дағдылары мен сенімдерін зерделеу арқылы жүргізіледі. Сандық деректерді жинау педагогтерге және/немесе оқушыларға сауалнама жүргізу және/немесе тестілеу арқылы жүргізіледі. Зерттеу әдістемесі, оның ішінде құралдар, іріктеу өлшем шарттары және зерттеу жүргізу рәсімдері бағдарламаның ерекшелігімен айқындалады.

4.3 Бағдарламаларды педагогтердің біліктілігін арттыру ұйымдары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын ескере отырып әзірлейді.

4.4 Бағдарламаны әзірлеуді осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша тренер-лекторлар немесе курстың жұмыс тобы жүзеге асырады.

4.5 Бағдарлама жобасы оқу-әдістемелік кеңесте қаралады және ғылыми кеңесте бекітіледі.

4.6 Бағдарламалар мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарын ескере отырып әзірленеді.

4.7 Бағдарлама мынадай бөлімдерді қамтиды:

- 1) жалпы ережелер;
- 2) глоссарий;
- 3) Бағдарлама тақырыбы;
- 4) Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері;
- 5) Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны;
- 6) оқу процесін ұйымдастыру;
- 7) Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету;
- 8) оқу нәтижелерін бағалау;
- 9) курстан кейінгі қолдау;
- 10) негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-10.07-2026
		27.02.2026 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 7-13

4.8 "Жалпы ережелер" деген бөлім Бағдарламаның өзектілігін және оның жалпы мемлекеттік басымдықтар мен әлемдік трендтермен байланысын ашып көрсетеді.

4.9 "Глоссарий" деген бөлім Бағдарламада қолданылатын терминдерді, олардың өзектілігі мен бірегейлігін тізімдейді.

4.10 "Бағдарлама тақырыбы" бөлімінде Бағдарламаның жаңашылдық дәрежесі, білім беру жүйесінде аналогтардың бар/жоқтығын талдауды сипаттайды.

4.11 "Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері" деген бөлімі Бағдарламаның тәжірибелік маңыздылығы, оқыту нәтижелерінің педагогтердің жұмыс тәжірибесіне әсерін сипаттайды.

4.12 "Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны" деген бөлім Бағдарламаның жоспарын, Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері бойынша күтілетін нәтижелердің өзара байланысын сипаттайды.

4.13 "Оқу процесін ұйымдастыру" деген бөлім оқу процесінің форматын, сағат санын және оқыту нысандарын сипаттайды.

4.14 "Оқыту нәтижелерін бағалау" деген бөлім пән саласының ерекшеліктеріне сәйкес оқыту нәтижелерін бағалаудың тиімді әдістерін көрсетеді.

4.15 "Курстан кейінгі қолдау" деген бөлім курстан кейінгі қолдау форматын, нысандары мен әдістерін сипаттайды;

4.16 "Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі" деген бөлім соңғы 5 жылдағы өзекті отандық және шетелдік басылымдарды қамтиды.

4.17 Бағдарламалар мынадай тәртіппен ресімделеді:

Мәтін қағаз немесе электрондық бланкіде *.docx форматында келесі параметрлерді ескере отырып басылады:

- 1) қаріп – "Times New Roman" pt 14 өлшемі;
- 2) жоларалық интервал - бір;
- 3) абзацтық шегініс (бірінші жолдың шегінісі) - 1,25 сантиметр;
- 4) сол жақ жиегі - 2,5 сантиметр, оң жақ жиегі - 1,5 сантиметр, колонтитулдар - 2,5 сантиметр.

5. ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСТАРЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН БЕКІТУ ТӘРТІБІ

5.1 Бағдарламалар Академия ректорының бұйрығымен сараптамалық кеңестің келісу туралы шешімін алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде бекітіледі.

5.2 Уәкілетті орган сараптамалық кеңеспен келісілген біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының тізілімін қалыптастырады.

5.3 Келісілген бағдарламалар тізімі уәкілетті органның сайтында орналастырылады және уәкілетті органмен келісілген білім беру бағдарламаларының атауын,

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-10.07-2026
		27.02.2026 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 8-13

бағдарламаларды әзірлеуші ұйымның атауын, сондай-ақ білім беру бағдарламаларын келісу күнін қамтиды.

6. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН МОНИТОРИНГТЕУ

6.1 Мониторинг Білім беру бағдарламаларының тиімділігіне мониторинг пен талдау білім беру процесінің өзін, оқыту нәтижесін, оқыту нәтижесінің қойылған мақсаттарға, талаптарға сәйкестігін және тұтынушылардың білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттануын бағалау негізінде құралады.

6.2 Бекітілген Бағдарламаларды қайта қарау үш жылда кемінде 1 рет жүзеге асырылады.

6.3 Бекітілген бағдарламалардың тиімділігі мен өзектілігін арттыру мақсатында оларды қайта қарау үшін біліктілікті арттыру ұйымы:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына және нормативтік құқықтық актілерге талдау жүргізеді;

2) білім беру бағдарламаларының тиімділігі мониторингінің нәтижелеріне талдау жүргізеді және оларды хаттамамен рәсімдейді;

3) бағдарламаны қайта қарау (жаңарту немесе күшін жою) туралы шешім қабылдайды және бұл шешімді бұйрықпен рәсімдейді.

7. ҚОРЫТЫНДЫ

7.1 Осы қағидалар бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

7.2 Өзгерістер мен толықтырулар Академияның Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде енгізіледі.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-10.07-2026
		27.02.2026 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 9-13

Қосымша

БЕКІТІЛДІ

«Темірбек Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы»
РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен
«___» _____ 2026 жыл №__ хаттама
Ғылыми кеңес төрағасы
_____ А. Жудебаев

ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСТАРЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

«_____»
тақырып

құрастырушы: аты-жөні, ғылыми атағы

Алматы
2026 ж.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-10.07-2026
		27.02.2026 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 10-13

1. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

2. Бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтың тақырыбы мен мазмұны	Сағат саны	Сабақ нысаны
			Лекция
			Практика
			Семинар-тренинг
			Жағдайларды ойнау, кеңес беру тренингтер өткізу
	Жеке жұмыс:		Тапсырмаларды орындау
	Онлайн кеңес беру		Сұрақ-жауап
	Аттестация		Жоба
	барлығы:	72 сағ	

3. Оқу процесін ұйымдастыру

4. Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

5. Біліктілікті арттыру курстарының тыңдаушыларын аттестаттауды бағалау критерийлері

6 Курстан кейінгі сүйемелдеу


1) Курстан кейінгі сүйемелдеу жүйесінде бірінші кезеңде сүйемелдеу қызметі әр түрлі байланыс құралдарын (электрондық пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер (Facebook, WhatsApp, Telegram арна, YouTube арна және т. б.), электрондық пошта арқылы біліктілікті арттыру бағдарламаларын іске асыратын профессор-оқытушылар құрамының және біліктілікті арттыруға қатысушылардың өзара іс-қимылында жүзеге асырылады.


2) Келесі кезеңде мұғалімдер қарым-қатынас пен бірлескен қызметтің жаңа түрлерін игеру қажеттілігін анықтайды. Қарым-қатынастың мазмұны табысты педагогикалық тәжірибелерді, соның ішінде Интернет желісінде зерттеу болып табылады. Ол үшін ресурстармен қамтамасыз ету жүргізіледі: бейне сабақтар, рубрикалық материалдар, ғылыми-әдістемелік басылымдар каталогы және т. б.

3) Курстан кейінгі сүйемелдеу қатысушылардың алған білімдерін практикада қолдануды қамтамасыз етуге және олардың кәсіби дамуын жалғастыруға бағытталған. Бұл үдеріс қатысушылардың біліктілігін арттыруға және жаңа дағдыларды ұдайы жетілдіруге, сондай-ақ педагогтың қатысуымен семинарлар, тренингтер, әдістемелік десанттар, дөңгелек үстелдер, кәсіби конкурстар жобалауға мүмкіндік береді. Нәтижелері бойынша педагогтердің мақалаларын жариялау немесе әдістемелік басылымдардың бірлескен жарияланымдары.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-10.07-2026
		27.02.2026 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 11-13

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ


Әзірленді:		
Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру бөлімінің басшысы		Назимхан У.У.
Келісілді:		
Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор		Ергөбек Ш.Қ.
Академиялық мәселелер жөніндегі қызметтің басшысы	089 -	Әбдірахман Г.Б.
Заң бөлімінің басшысы		Тлегенова О.К.
Стратегиялық жоспарлау және сапаны қамтамасыз ету бөлімінің басшысы		Молдабаева А.Е.



27.02.2026 ж.

Бет 12-13

[illegible]



27.02.2026 ж.

Ереже
нормативтік құжат түрі

Бет 13-13

ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАРДЫ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

[illegible]